

Аршалы поселкелік және Ақбұлақ селолық округтерінің шекаралырын өзгерту және қайта құру туралы

Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімінің бірлескен шешімі 2001 жылғы 12 сәуірдегі N С-7-10-74 Ақмола облысының Әділет басқармасында 2001 жылғы 08 мамырда N 591 тіркелді

Қазақстан Республикасының Конституциясы K951000_ мен Қазақстан Республикасының Z934200_ "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру мақсаттарында, тұрғындардың ұсыныстарын және Аршалы аудандық мәслихаты мен аудан әкімінің бірлескен шешімін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімі шешім қабылдады:

- облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына төмендегідей өзгерістер

енгізілсін:

Аршалы ауданы бойынша:

1. Аршалы поселкелік және Ақбұлақ селолық округінің шекаралары өзгертілсін, Аршалы поселкелік округінің құрамындағы Ақтасты селосы Ақбұлақ селолық округінің құрамына берілсін.

2. Аршалы поселкелік округі Аршалы поселкесі болып өзгертілсін.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы